Жер күніне арналған «Менің көгілдір ғаламшарым» атты қашықтан республикалық интернет-байқауы.

Байқау мақсаты: экологиялық сауаттылықты дамыту, өскелең ұрпақтың экологиялық мәдениетін және қоршаған әлемге ұқыпты көзқарастарын қалыптастыру.

Байқауды Астана қаласы, «Шабыт» білім беру-әдістемелік орталығы» ЖШС өткізеді.

Байқауға білім беру ұйымдарының білім алушылары қатыса алады.

Қатысушылар санаттары: білім алушылар: 7 жасқа дейінгі; 8-10 жас; 11-14 жас; 15-19 жас, 20-22 жас.

Байқау жұмыстары 2018 жылғы 15 наурыздан 20 сәуірге дейін **Zemlya-baikau@mail.ru** электрондық поштаға қабылданады.

Байқау қорытындысы **2018** жылғы **8 мамырда** **www.shabyt-concours.kz** сайтына орналастырылады.

Байқау номинациялары:

Қатысушылардың жұмыстары қоршаған ортаны қорғаудың өзекті аспектілеріне, жануарлар мен өсімдіктер дүниесін сақтауға және экологиялық проблемаларды шешуге арналуы тиіс.

1) ««Жершары балалар көзімен» атты сурет байқауы номинациясы»» Байқауға кез келген материалдарды пайдалана отырып кез-келген техникада орындалған сурет фотосы қабылданады. Сурет өлшемі А4, А-3. Суреттің оң жақ бұрышында көлемі 7х4 визиткада жұмыстың атауы, автордың аты-жөні, жасы, білім беру ұйымы, облыс, аудан (қала), ауыл көрсетілуі тиіс.

2) ««Бір Жер Ана – бір отбасы!» атты шығарма байқауы» номинациясы Жұмыстар публицистика стилінде: мақала, жариялама, репортаж, қатынас қағазы, эссе және т.б. қатысушының жас ерекшелігіне сәйкес орындалуы тиіс. Жұмыстың көлемі таңдалынған жанрға сәйкес болуы керек. Жұмысқа қоса жеке жинақта авторлық суреттемелерді (фотосурет, сызба, сурет) жіберуге болады.

Бірлескен жұмыстар қабылданбайды (эссены қатысушы өзі жазуы тиіс). Байқауға ұсынылатын жұмыс қазақ немесе орыс тілінде жіберілуі тиіс. Байқау жұмыстарын толығымен қатысушы өз бетімен орындауы тиіс. Басқа адамның және Интернет желісінен алынған материалдарды қолдануға қатаң тыйым салынады.

Ресімдеуге қойылатын талаптар:

Жұмыс Word мәтіндік редакторында басылуы тиіс. Шрифт – Times New Roman. Шрифт өлшемі – 14. Жоларалық интервал – біркелкі (одинарный). Жұмыс көлемі - А-4 форматында 2 беттен аспауы тиіс.

3) ««Өмір сүр, Жер Ана!» плакат байқауы номинациясы». Әр түрлі материалдар қолданылып кез келген техникада жасалынған плакат фотосы қабылданады. Суреттің оң жақтағы төменгі бұрышында 7х4 көлемдегі бұрыштама бекітілуі тиіс, онда жұмыстың атауы, автордың аты-жөні, жасы, білім беру ұйымы, облысы, аудан (қала), ауылы көрсетілуі қажет.

4) **««Жершары – біздің ортақ үйіміз» атты көркемсөз оқу байқауы» номинациясы.** Қатысушылардың келесі бағыттар бойынша: проза, поэзия, әңгіме, әдеби-музыкалық композициясында сөйлеген сөздерінің бейнежазбасы қабылданады.

4) ««Сәндік-қолданбалы шығармашылық» номинациясы». Экологиялық тақырыптағы кез келген материалдан жасалған бұйымдардың фотосуреттері қабылданады. Барлығы өзіңіз ұсынған жұмысыныңыздағы сіздің қиялыңыз бен шығармашылығыңызға байланысты.

6) **««Менің Жершарым және экология» атты фотосурет номинациясы».** «Менің Жершарым және экология» атты фотосурет байқауына тақырыпқа сай әр түрлі жанрдағы фотосуреттер қабылданады. Фотобайқауға қатысуға тек жеке өзіңіздің меншікті немесе сіздің тапсырысыңыз бойынша жасалынған фотосуреттеріңіз ғана қабылданады. Әрбір фотосуретпен қоса сурет сюжетінің қысқаша түсініктемесі берілуі қажет.

Материалдарды бағалау өлшемдері: жұмыстың тақырып мазмұнына сәйкестігі; материалды жеткізе білудегі ерекшелігі; сыни тұрғыдағы идеялар мен оны ұсынудағы шешімдер; орындау техникасы; көркемдік бейнедегі тұтастық; әлеуметтік маңыздылығы; жұмыстың безендірілу мәдениеті.

Байқауға қатысу ережелері:

Байқауға қатысу үшін бір қатысушыдан бір номинация бойынша бір жұмыс қабылданады. Байқау жұмыстарын толығымен қатысушы өз бетімен орындауы тиіс.

Басқа адамның және Интернет желісінен алынған материалдарды қолдануға қатаң тыйым салынады.

Байқауға қатысу үшін - **1000 (бір мың)** теңге төлемақы төленеді.

Төлемақы барлық банк немесе Қазпошта бөлімшелерінде келесі реквизиттер арқылы жүргізіледі:

Алушы: «Шабыт» білім беру-әдістемелік орталығы» ЖШС (резидент). «Қазақстан Халық Банкі» АҚ, Астана қаласы

БИН 170140027918

ИИК KZ306010111000328819(KZT)

БИК HSBKKZKX

КНП 859

Кбе 17
Код 19
Төлемақы аталуы**: «Менің көгілдір ғаламшарым»** байқауы.

Байқауға қатысушының (жіберуші) аты-жөнін, тегін міндетті түрде көрсету керек.

Анықтама телефондар: **8 707 371 12 16, 8 777 280 73 70.**

Байқауға қатысу үшін мына құжаттарды **Zemlya-baikau@mail.ru** электронды поштаға жіберу қажет**:**

1) **1-қосымшаға сәйкес өтінімді**;
2) **сканерден өткізілген төлемақы құжатын** (түбіртек);
3) **байқауға қатысатын жұмысты** электронды түрде.

Байқау жұмысы өтінімі формасын толтыру кезінде мұқият болыңыз. Сіз енгізген мәліметтер ынталандыру құжаттарын рәсімдеу кезінде қолданылады.

Қатысушыларды ынталандыру:

Байқау жеңімпаздары Бас жүлде, I, II, III дәрежелі Дипломдармен марапатталады, орынға ілікпеген қатысушыларға Сертификаттар беріледі.

Байқау жеңімпаздарын дайындаған жетекшілері Дипломдармен марапатталады, сонымен қатар байқауға 10 жұмыстан артық жолдаған қатысушылардың жетекшілері Алғыс хатпен марапатталады.

Жеңімпаздар, олардың жетекшілерінің дипломдары, байқауға қатысушылар сертификаттары электронды нұсқалары 2018 жылдың **8 мамырда** жіберілетін болады.

1-қосымша

Байқауға қатысуға өтінім

Қатысушының аты-жөні	Жасы	Облысы, қаласы, ауылы, Білім беру мекемесінің толық атауы, сыныбы	Байқау номинациясы	Қай тілде құжатты алғыңыз келеді (казақ не болса орыс тілінде)	Жетекшінің толық аты-жөні, жұмыс орны, лауазымы, (білім алушыларға)	Қатысушының байланыс мәліметтері (ұялы телефоны, эл.поштасы)	Жетекшінің байланыс мәліметтері (ұялы телефоны, эл. поштасы), дипломды немесе сертификатты жіберу үшін
1	2	3	4	5	6	7	8